# Дәуіт 2



COMIC BIBLE
SOCIETY

Published by the Comic Bible Society, LLC
Copyright © 2022

Kingstone Comics maintains copyright to this comic book as provided by United States copyright law.

Print and digital copies of this version may be freely distributed without penalty under a Creative Commons license.


МЕНІҢ БАУЫРЫМ ЖӘНЕ ПАТШАЛЫҚТЫҢ ЖАҢА МҮШЕСІНЕ АРНАП....
ЖОНАТАН...
ҚҰДАЙ СЕНІМЕН БІРГЕ ЖӘНЕ МЕН ДЕ ӘРДАЙЫМ СЕНІҢ ҚАСЫНДА БОЛАМЫН.
СЕН АЛЫП АДАМДЫ ТЕЗ ЖОЙДЫҢ, ЕНДІ ҮЛКЕН ӘСКЕРГЕ ҚАЛАЙ ҚАРСЫ ШЫҒЫП КҮРЕСЕТІНІҢДІ КӨРЕЙІК.
ДӘУІТ ҚАЙДА БАРСА ДА, ҚҰДАЙ ОҒАН СӘТТІЛІК БЕРЕТІН.


ҚҰДАЙ ОҒАН СОНШАМА КӨП ЖЕҢІСТЕРДІ СЫЙЛАҒАНДЫҚТАН, ПАТША ОНЫ БІР ТОП САРБАЗДЫҢ БАСШЫСЫ ЕТІП ҚОЙДЫ. ЖӘНЕ ДЕ ЕҢ МЫҚТЫ СОҒЫСТАРҒА ЖІБЕРЕТІН.


САУЫЛ МЫҢДАҒАН ЖАУЫН ЖЕҢІП ЖОЙДЫ
...АЛ ДӘУІТТІҢ ЖОЙҒАНЫ ОН МЫҢ БОЛДЫ.


САУЫЛ МЫҢДАҒАН ЖАУЫН ЖЕҢІП ЖОЙДЫ
...АЛ ДӘУІТТІҢ ЖОЙҒАНЫ ОН МЫҢ БОЛДЫ.
ОЛАР ДӘУІТКЕ ОН МЫҢДАҒАН, АЛ МАҒАН НЕ БАРЫ МЫҢДАҒАН ЖЕҢІЛГЕН ЖАУ ҮШІН МАҚТАУ АЙТТЫ,
ЕНДІ ОҒАН ЖЕТПЕЙ ТҰРҒАНЫ ПАТШАЛЫҚ БИЛІК ҚАНА
СОЛ КҮННЕН БАСТАП САУЛ ДӘУІТКЕ ҚЫЗҒАНЫШПЕН ҚАРАЙТЫН БОЛДЫ.




ПАТШАЛЫҚТАР 1Ж 18:10-12


ОНЫ ҚАСЫНАН АЛЫСТАТЫП, МЫҢБАСЫ ЕТІП ҚОЙДЫ. БҰДАН БЫЛАЙ ДӘУІТ САРБАЗДАРЫН ЖОРЫҚТАРҒА БАСТАП ЖҮРДІ.
ДӘУІТКЕ ҚҰДАЙДЫҢ ЖАРЫЛҚАУЫ РЕТІНДЕ ҚАРАҒАННЫҢ ОРНЫНА САУЛ ОНЫ ҚАУІП РЕТІНДЕ КӨРДІ.
ОЛ ДӘУІТТІ ӨЗІНЕН АЛЫСТАТУ ҮШІН, ТҰЗАҚ ҚҰРДЫ. ФІЛІСТІРЛЕР АРҚЫЛЫ ҚӨЗІН ҚҰРТПАҚШЫ БОЛДЫ.
БІРАҚ ДӘУІТ ҚАЙ ІСТЕ ДЕ ПАРАСАТТЫЛЫҚ ТАНЫТЫП ОТЫРДЫ, ӨЙТКЕНІ ЖАРАТҚАН ИЕ ОҒАН ЖАР БОЛДЫ.
ДӘУІТТІҢ ТАБЫСТАРЫН КӨРГЕНДЕ САУЛ ОДАН БЕТЕР СЕКСЕНДІ.
ДӘУІТТІҢ БҰЛ ЖОРЫҚТАРҒА ШЫҒУЫ, ОНЫҢ ТАБЫСТЫ ЖӘНЕ КӨШБАСШЫ БОЛУЫНА КӨМЕКТЕСТІ. БҮКІЛ ИСРАИЛ МЕН ЯҺУДАНЫҢ ХАЛҚЫ ӨЗДЕРІН ЖОРЫҚТАРҒА БАСТАП ШЫҒАТЫН ДӘУІТТІ ЖАҚСЫ КӨРДІ.




ПАТШАЛЫҚТАР 1Ж. 18:15-18


АЛАЙДА САУЛ ҚЫЗЫ МЕРАБТЫ ДӘУІТКЕ ҰЗАТАТЫН УАҚЫТ КЕЛГЕНДЕ,ОНЫ ДӘУІТКЕ ЕМЕС,БАСҚА ЖІГІТКЕ ҰЗАТЫП ЖІБЕРЕДІ.
САУЛ ӨЗ УӘДЕСІН БҰЗСА ДА,ДӘУІТ ҚҰДАЙДЫҢ ЖОСПАРЫНА ҮМІТ АРТЫП ОҒАН АДАЛ ҚЫЗМЕТ ЕТЕ БЕРДІ.
ПАТШАМ,СІЗГЕ СӨЙЛЕСЕМ БОЛА МА?
ДӘУІТТІ ӨЗІҢІЗДІҢ ҚАСЫҢЫЗДА ҰСТАУ ҮШІН ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУ ҮШІН ӘЛІ ДЕ ҮМІТІҢІЗ БАР.
СІЗДІҢ ҚЫЗЫҢЫЗ МИХОЛ ДӘУІТКЕ ҒАШЫҚ ЕКЕН.
ДӘУІТКЕ МИХОЛДЫ БЕРЕМІН. ОСЫЛАЙ ОНЫ ТҰЗАҚҚА ТҮСІРІП,ФІЛІСТІРЛЕР АРҚЫЛЫ КӨЗІН ҚҰРТАМЫН.




ПАТАШАЛЫҚТАР 1Ж. 18:21-25


ЖИНАЛЫҢДАР!
СІЗ МЕНЕН 100 ФІЛІСТІРЛЕРДІҢ БІР МҮШЕСІН ҚАЛАДЫҢЫЗ, МІНЕ СІЗГЕ 200 ФІЛІСТІРЛЕРДІҢ ДЕНЕ МҮШЕСІН КЕСІП АЛЫП,ПАТШАМ ҮШІН АЛЫП КЕЛДІМ.
САУЛ ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ ДӘУІТКЕ ЖАР БОЛҒАНЫҢ ЖӘНЕ ӨЗІНІҢ ҚЫЗЫ МИХОЛДЫҢ ОНЫ ЖАҚСЫ КӨРЕТІНІҢ ТҮСІНІП,ДӘУІТТЕН БҰРЫНҒЫДАН БЕТЕР ҚОРҚАТЫН БОЛДЫ.
САУЛ ДӘУІТТЕН ҚОРҚЫП,ӨМІРІНІҢ СОҢЫНА ДЕЙІН ОНЫ ЖЕК КӨРДІ.




ПАТШАЛЫҚТАР 1Ж. 18:30


САУЛДЫҢ КӨРАЛМАУШЫЛЫҒЫ КҮН САЙЫН ӨСЕ БЕРДІ.
КЕШКЕ ҚАРАЙ МАҒАН ДӘУІТТІ ЖІБЕРІҢДЕР.
ОНЫ ӨЛТІРСІН ДЕП МЕН НӨКЕРЛЕРІМЕ БҰЙРЫҚ БЕРДІМ,ОЛ МЕНІҢ ПАТШАЛЫҒЫМА ТӨНІП ТҰРҒАН ҚАУІП.
ӘКЕМ СЕНІ ӨЛТІРУГЕ ТЫРЫСЫП ЖҮР. ЕРТЕҢ ТАҢЕРТЕН САҚ БОЛ.ЖАСЫРЫН ЖЕРГЕ ТЫҒЫЛЫП,СОНДА ҚАЛ
МЕН ДЕ ӘКЕММЕН БІРГЕ СОЛ ЖАҚТАҒЫ ДАЛАҒА ШЫҒАМЫН.
ОНЫМЕН СЕН ТУРАЛЫ СӨЙЛЕСЕМІН. ОНЫҢ ОЙЫН БІЛІП, КЕЙІН САҒАН АЙТАМЫН.
ӘКЕМ,ҚЫЗМЕТШІҢІЗ ДӘУІТКЕ ҚАРСЫ КҮНӘ ЖАСАЙ КӨРМЕҢІЗ.ОНЫҢ СІЗГЕ ЖАСАҒАН ЕШБІР ЖАМАНДЫҒЫ ЖОҚ. КЕРСІНШЕ,ІСТЕГЕНДЕРІНЕН ӨЗІҢІЗ КӨП ЖАҚСЫЛЫҚ КӨРДІҢІЗ.
ОЛ СОЛ ФІЛІСТІРДІ ӨЛТІРГЕНДЕ ӨЗ БАСЫН ТӘУЕКЕЛГЕ ТІКТІ.БҰЛ АРҚЫЛЫ ЖАРАТҚАН ИЕ БҮКІЛ ИСРАИЛДІ ЖАУЫНАН ҚҰТҚАРДЫ. СІЗ ОСЫНЫ КӨРІП, ШАТТАНҒАН ЕДІҢІЗ.
ЕНДЕШЕ,НЕЛІКТЕН СЕБЕСІЗДЕН-СЕБЕПСІЗ ДӘУІТТІ ӨЛТІРІП, ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАНҒА ҚАРСЫ КҮНӘ ЖАСАМАҚСЫЗ?
МӘҢГІ ТІРІ ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ АЛДЫНДА ШЫН АЙТАМЫН: ДӘУІТ ӨЛТІРІЛМЕЙДІ.
ЖОНАТАН ДӘУІТТІ ШАҚЫРЫП АЛЫП,ОСЫ СӨЗДЕРДІ ТҮГЕЛ АЙТЫП БЕРДІ.
ОНЫ САУЛҒА ЕРТІП АПАРЫП,ДӘУІТ БҰРЫНҒЫДАЙ ҚЫЗМЕТІНЕ КІРІСТІ.




ПАТШАЛЫҚТАР 1Ж. 19:8






ПАТАШЛЫҚТАР 1Ж. 19:9-10


БАРЫҢДАР ДА, ОНЫҢ ҮЙІН ҚОРШАП АЛЫҢДАР.
ТАҢЕРТЕН КЕНЕТТЕН ОНЫ ҰСТАП АЛЫҢДАР ДА,ӨЛТІРІП ТАСТАҢДАР.
БҮГІН ТҮНДЕ БАС САУҒАЛАП, ҚАШПАСАҢ, ЕРТЕҢ ТАҢЕРТЕН СЕНІ ӨЛТІРЕЙІН ДЕП ОТЫР.
ҚАЛАЙ МҮМКІНШІЛІГІМ БОЛАДЫ, СЕНІ БҰЛ ЖЕРДЕН АЛДЫРТАМЫН.
МЕН ДЕ ҚОЛЫМНАН КЕЛГЕНШЕ ӘКЕМДІ ҰСТАП ОТЫРАМЫН.
КЕЛЕСІ КҮНГІ ТАҢ
ОЛ АУЫРЫП ҚАЛДЫ.


ОНЫҢ АУЫРЫП ЖАТҚАННАН ЖҰМЫСЫМ ЖОҚ!
ОНЫ ТӨСЕГІМЕН БІРГЕ КӨТЕРІП АЛЫП КЕЛІҢДЕР,МЕН КӨЗІН ЖОЯМЫН!
МЕНІҢ ӨЗ ҚЫЗЫМ!
МЕНІ НЕГЕ СОНШАМА АЛДАП,ЖАУЫМДЫ ҚАШЫРЫП ЖІБЕРДІҢ?
ӘКЕ-ОЛ МАҒАН БЫЛАЙ ДЕП:"МЕНІ ЖІБЕР!ӘЛДЕ СЕНІ ӨЛТІРЕЙІН БЕ?"ДЕП ТҰРЫП АЛДЫ.




ПАТШАЛЫҚТАР 1Ж. 19:18-19






ПАТШАЛЫҚТАР 1 Ж. 19:20-24




ПАТШАЛЫҚТАР 1Ж. 20:1-7


ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ АЛДЫНДА СЕРТПЕН БЕКІТКЕН ДОСТЫҒЫМЫЗДЫ ЕСІҢЕ АЛЫП, АЛДЫҢДАҒЫ ҚЫЗМЕТШІҢЕ ӘРДАЙЫМ МЕЙІРІМДІЛІК КӨРСЕТЕ ГӨР.
ЕГЕР ҚАНДАЙ ДА КІНӘМ БОЛСА, МЕНІ ӘКЕҢЕ БЕРМЕЙ-АҚ, ӨЗІҢ ӨЛТІРЕ САЛ.
ОНДАЙ ЕШҚАШАН БОЛМАС!ӘКЕМНІҢ САҒАН ЖАМАНДЫҚ ІСТЕУГЕ ҰЙҒАРҒАНЫҢ БІЛІП ҚАЛСАМ, САҒАН АЙТПАС ПА ЕДІМ?
ЕГЕР ӘКЕҢНІҢ БЕРГЕН ЖАУАБЫ ҚАТАЛ БОЛСА, МАҒАН СОЛ ТУРАЛЫ КІМ АЙТПАҚ?
ЖҮР, ДАЛАҒА КЕТЕЙІКШІ.
ЖАРАТҚАН ИЕ КУӘМЕН ЕРТЕН НЕМЕСЕ БҮРСІГҮНІ ОСЫ КЕЗГЕ ДЕЙІН ӘКЕММЕН СӨЙЛЕСІП, САҒАН ДЕГЕН КӨЗ-ҚАРАСЫН БІЛІП АЛАМЫН.
ЕГЕР ОЛ ЖАҚСЫ БОЛСА,ОНДА МЕН МІНДЕТТІ ТҮРДЕ БІРЕУДІ ЖІБЕРІП, САҒАН ХАБАРЛАЙМЫН.
АЛ ШЫНЫМЕН ӘКЕМНІҢ САҒАН ЖАМАНДЫҚ ІСТЕЙТІН ОЙЫ БОЛСА, МЕН СОНЫ САҒАН АЙТЫП,ҚАТЕРДЕН АРАШАЛАУ ҮШІН БАСҚА ЖАҚҚА ЖІБЕРЕМІН.
ЖАРАТҚАН ИЕ ӘКЕМЕ ЖАР БОЛҒАНДАЙ, ЕНДІ САҒАН ДА ЖАР БОЛА КӨРСІН.
КӨЗІМ ТІРІСІНДЕ МАҒАН ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ ТҰРАҚТЫ МЕЙІРІМДІЛІК КӨРСЕТКЕНІ СИЯҚТЫ, СЕН ДЕ МАҒАН ЖӘНЕ ӘУЛЕТІМЕ ӘРДАЙЫМ МЕЙІРІМДІЛІК КӨРСЕТЕ БЕР...


ЕРТЕН ОРНЫҢ БОС БОЛҒАНДЫҚТАН СЕНІ СҰРАЙТЫН БОЛАДЫ.
СЕН СОНДА ЖАТҚАН ӘЗЕЛ ТАСЫНЫҢ МАҢЫНДА КҮТЕ ТҰР. СОЛ ЖЕРГЕ ЖІБЕЛЕРІМДІ ҰШЫРТЫП, ОЛАРДЫ АЛЫП КЕЛУГЕ НӨКЕРІМДІ ЖІБЕРЕМІН.
ЕГЕР МЕН:"МІНЕ, ЖІБЕЛЕР ӨЗІҢНЕН БЕРІ ЖАТЫР, ОЛАРДЫ ОСЫНДА АЛЫП КЕЛ!"ДЕСЕМ-САҒАН ҚАУІП ТӨНІП ТҰРМАҒАНЫ.
АЛ ЕГЕР: "ӘНЕ, ЖІБЕЛЕР СЕНІҢ АР ЖАҒЫҢДА ЖАТЫР" ДЕСЕМ-ОНДА СЕН КЕТКЕНІҢ ЖӨН.
ПАТША АЙДЫҢ БІРІНШІ КҮНІ ҮНДЕМЕДІ, АЛ ЕКІНІ КҮН СӨЙЛЕЙ БАСТАДЫ
ДӘУІТ КЕШЕ ДЕ, БҮГІН ДЕ АСҚА КЕЛМЕУІ НЕЛІКТЕН?
ДӘУІТ МЕНЕН БЕТЛЕХЕМГЕ ҚҰРБАНДЫҚ АС БЕРУ ҮШІН СҰРАНЫП КЕТТІ.ОЛ БАРЛЫҚ ӘУЛЕТІМЕН КЕТІП ҚАЛЫПТЫ.
ӘЙ, АЗҒЫН ДА ҚИҚАР ҰЛ!
ӨЗІҢДІ МАСҚАРА ЕТІП, ШЕШЕҢДІ ДЕ ҰЯТҚА ҚАЛДЫРЫП,ДӘУІТПЕН ДОСТАСЫП АЛҒАНЫҢДЫ МЕН БІЛМЕЙДІ ДЕЙСІҢ БЕ?
ОНЫ МАҒАН АЛЫП КЕЛ-ОЛ ӨЛУГЕ ТИІС!
THUNK


ЖЕБЕ СЕНІҢ АР ЖАҒЫНДА ЖАТЫР МА ЕКЕН?
ЖОШУА, САДАҒЫМДЫ АЛЫП ҚАЛАҒА ҚАЙТЫП ОРАЛ. МЕН БІРАЗДАН КЕЛЕМІН.
ДӘУІТ ШЫҒЫП,ЖОНАТАННЫІ АЛДЫНДА ҮШ РЕТ ЖЕРГЕ ДЕЙІН ИІЛІП ТАҒЗЫМ ЕТТІ.
АМАН-ЕСЕН ЖҮР!ЕКЕУМІЗ ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ АТЫМЕН БАЙЛАСҚАН АНТЫМЫЗДЫ ОРЫНДАУ ҮШІН ОЛ ӨЗІ КЕПІЛ БОЛСЫН.




ПАТШАЛЫҚТАР 1Ж. 21:1-9






ПАТШАЛЫҚТАР 1Ж. 21:10-15


ОСЫЛАЙ ДӘУІТ ҒАТТАН КЕТІП,АДУЛАМ ҮҢГІРІНЕ БАРЫП,БАС САУҒАЛАДЫ.БҰЛ ТУРАЛЫ ОНЫҢ АҒАЛАРЫ МЕН ТУЫСҚАНДАРЫ ЕСІП,ҚАСЫНА КЕЛДІ.
СОНЫМЕН ҚАТАР,БАСТАРЫНА ІС ТҮСКЕН ҚАРЫЗҒА БАТҚАН НЕМЕСЕ ӨМІРГЕ КҮЙІНГЕН ӘР ТҮРЛІ АДАМДАР ДА МАҢАЙЫНА ЖИНАЛДЫ.ОСЫЛАЙША ДӘУІТ ОЛАРДЫҢ БАСШЫСЫНА АЙНАЛЫП,400-ДЕЙ КІСІСІ БОЛДЫ.
ДӘУІТТІҢ ӘЖЕСІ МОАБТЫҚ БОЛҒАНДЫҚТАН, ОЛ МОАБ ПАТШАСЫНА БАРЫП, ОНЫҢ АТА-АНАСЫН ҚОРҒАСЫН ДЕП КӨМЕК СҰРАЙДЫ.
САМУИЛ ПАЙҒАМБАР ДӘУІТКЕ КЕҢЕС БЕРІП КӨМЕКТЕСКЕНДЕЙ,ҚҰДАЙ ОҒАН ҒАД ПАЙҒАМБАРДЫ ДА КӨМЕКТЕСУ ҮШІН ЖІБЕРЕДІ.
СЕН ОСЫ ТАУДА БОЙ ТАСАЛАП ЖҮРЕ БЕРМЕ.ЯҺУДА РУЫНЫҢ ЕЛІНЕ БАР.
МЕН СОЛ ЖЕРГЕ БАРЫП,ХӘРЕТ ОРМАНЫНДА ТЫҒЫЛЫМЫН.






ПАТШАЛЫҚТЫР 1Ж. 22:6-17




ПАТШАЛЫҚТАР 1Ж. 22:17-23


АХИМӘЛІК ҰЛЫ АБИЯТАР ДІНИ ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ЖЕҢСІЗ СЫРТ КИІМІН ӘКЕЛГЕН БОЛАТЫН.ОНЫҢ СЫРТЫНДА УРИМ МЕН ТУМИМ БОЛДЫ.ОНЫ ҚҰДАЙДЫҢ ЕРКІН БІЛУ ҮШІН ДІНИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҚОЛДАНАТЫН.
БҰЛ ТАСТАР БАҒАЛЫ МА, ЕМЕС ПЕ ЕШКІМ БІЛГЕН ЖОҚ.ОЛАРДЫҢ БІР ЖАҒЫ ҚАРА, КЕЛЕСІ ЖАҒЫ АҚ БОЛАТЫН.СОЛАРҒА ҚАРАП,СҚРАҚТАРҒА "ИӘ","ЖОҚ" ДЕГЕН ЖАУАПТАРДЫ БІЛДІРЕТІН.
НЕМЕСЕ ТАСТАРДЫҢ ҮСТІНДЕ ЕВРЕЙШЕ ЖАЗЫЛҒАН ЖАЗБАЛАР БОЛАТЫН,ОЛАРДЫ ДІНИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР АНЫҚТАМАСЫН ТАУЫП,СҰРАҚҚА ЖАУАПТЫ ШЕШЕТІН.
ҚҰДАЙ ОСЫЛАРДЫ ӨЗ ЕРКІН БІЛДІРУ ҮШІН ДІНИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚҰРАЛ РЕТІНДЕ БЕРІЛГЕН.
БҰЛ КӨНЕ ӨСИЕТТЕ ПАЙҒАМБАРШЫЛЫҚ СӨЗДІ АЙТУ ҮШІН ҚОЛДАНЫСТЫҢ БІР ТҮРІ.
КЕУДЕ ҚАЛТАҒА «НҰР ЖӘНЕ КЕМЕЛДІЛІК» ДЕГЕН ҚАСИЕТТІ ЖЕРЕБЕЛЕРДІ САЛЫП ҚОЙ. ҺАРОН ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ АЛДЫНА БАРҒАН САЙЫН ОЛАР ДА ҺАРОННЫҢ ЖҮРЕК ТҰСЫНДА БОЛМАҚ. СОНДА ҺАРОН ИСРАИЛДІҢ ҮРІМ-БҰТАҒЫНА ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ ШЕШІМДЕРІН БІЛДІРЕТІН СОЛ ҚҰРАЛДАРДЫ ӘРҚАШАН ЖҮРЕК ТҰСЫНДА ЖАРАТҚАН ИЕНІҢ АЛДЫНДА АЛЫП ЖҮРЕТІН БОЛАДЫ.




ПАТШАЛЫҚТАР 1Ж. 23:13-18






ПАТШАЛЫҚТАР 1Ж. 23:13-18




ПАТШАЛЫҚТАР 1Ж. 23:19-25






ПАТШАЛЫҚТАР 1Ж. 24:1-7




ПАТШАЛЫҚТАР 1Ж. 24:8-22



**SUPERBIBLE.TV**